«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АБАЙ АУДАНЫНЫҢ СӘУЛЕТ, ҚҰРЫЛЫС, ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»
Мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение «ОТДЕЛ АРХИТЕКТУРЫ, СТРОИТЕЛЬСТВА, ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАСАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ АБАЙСКОГО РАЙОНА ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ
05.06.2019
Қарауыл ауылы

ПРИКАЗ
№ 74
село Караул

Конкурстық комиссия құрамын өзгертіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2 бабының 10 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 5-тарау 3-параграфының 61 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылы «Адасқан» қыстағы «Дулат» ШҚ, «Мұздыбай» қыстағы «Айдос» ШҚ, «Жалпақ» қыстағы «Темірлан» ШҚ, «Ақтас-1» қыстағы «Марғұбан» ШҚ «Қоңыр әулие» қонақ үйі «Хан» ШҚ, «Қоңыр әулие» қыстағы «Хан» ШҚ электр құрылғысын қосу» нысаны бойынша техникалық қадағалау қызметіне өткізілетін конкурсты ұйымдастыратын комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

Комиссия төрағасы: – Рахымжанов Сырым Амангазыевич

Комиссия мүшелері: – Искаков Талгат Хабидулаевич
– Мұрат Берік Асхатұлы

2. Комиссия хатшылығы ауданның сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Сайлаубеков Жандос Жасұланұлына жүктелсін. Комиссия хатшысы міндеттері ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы «11» желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 5-тарау 3-параграф 71, 72-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылсын.

3.Конкурстық комиссия осы бұйрық тіркелген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасасқан күні өз қызметін тоқтатады.

4.Конкурсты өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссия мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық құжаттаманың бекітілген жобасымен және оның қосымшаларымен танысуға тиіс.

Бөлім басшысының м.а **С. Рахымжанов**